

«Ақбастау» БК» АҚ

Акционерлерінің жалпы жиналышының
«25» 02 2021 жылғы шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«АҚБАСТАУ»
БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

2021 жыл.

1 бап. Жалпы ережелер.

1.1. «Ақбастау «бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) аталған Жарғысы оның атауын, орналасқан орнын, органдарының қалыптасу тәртібі және құзыретін, оның қызметін қайта үйымдастыру және тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді анықтайды.

1.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте 2006 жылғы «12» қазандагы «Ақбастау» бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамын құру туралы құрылтайшылық келісім-шартты (бұдан әрі - Құрылтайшылық келісім-шарт) орындау мақсатында құрылған.

1.3. Қоғамның толық және қысқартылған фирмалық атауы: мемлекеттік тілде:

- толық - «Ақбастау» бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамы;
- қысқартылған атауы - «Ақбастау» БҚ» АҚ.

орыс тілінде:

- толық – Акционерное общество «Совместное предприятие «Ақбастау»;
- қысқартылған атауы - АО «СП «Ақбастау».

ағылшын тілінде:

- толық – Joint stock company «Joint Venture «Akbastau»;
- қысқартылған - JSC «JV «Akbastau».

1.4. Қоғамның атқарушы органдарының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған селолық округі, Шолаққорған селосы, Жібек жолы көшесі, 67 ғимарат (мекенжайын тіркеу коды 0201500032582732).

1.5. Аталған Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және заңды тұлға ретінде Қоғамның құқықтық дәрежесін анықтайдын құжат болып табылады.

1.6. Аталған Жарғы заңды күші бірдей 3 (үш) түпнұсқалы данада, әрқайсысы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзіренген.

2 бап. Қоғамның заңды дәрежесі.

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызметін акционерлік қоғам үйымдастырушылық-құқықтық нысанында жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады және қызметі барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, КР «Акционерлік қоғамдар туралы» Занын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі — Қазақстан Республикасының заңнамасы) және аталған Жарғыны, сонымен қатар, акционерлердің жалпы жиналысы және қоғамның басқа да органдарының шешімдерін басшылыққа алады.

2.2. Қоғамның жеке балансы, банк шоттары болады, өзінің атынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған келісім-шарттар, келісімдер жасасып, басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп және жүзеге асыруға, міндеттер атқару, сотта талапкер және жауапкер болуга құқылы болады.

2.3. Қоғамның жеке тауарлық белгісі және символдары болуы ықтимал, олардың үлгілерін Қоғамның Бас директоры бекітеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте тіркейді. Қоғамның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті фирмалық атауы, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі

атауы жазылған мөрі, бұрыштық мөртаңбалары, атауы және басқа да деректемелері жазылған баспабеттері болады.

2.4. Қоғам акционерлері тапсырган мүлік және ақша қаражатының, Қоғам шаруашылық қызметінің нәтижесінде өндірген өнімнің, түскен кірістің, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негізdemелерде иеленген басқа да мүліктердің меншік иесі болып табылады.

2.5. Қоғамның акционерлерінің мүліктерінен жеке-дара өз мүлкі болады және Қоғам олардың міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауапкершілікте болады.

2.6. Қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында қаастырылғандардан басқа жағдайда, қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекеліне өздеріне тиісті акциялардың құны шегінде жауапты болады.

2.7. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты болмайлы және мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

2.8. Қоғамның құқықтары:

- занды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлердегі ғимараттар, құрылыштар, жер телімдері, бағалы қағаздар, өнеркәсіптік үлгілерді, өнертабыстар, пайдалы модельдер, ақпарат, оның ішінде ғылыми-техникалық ақпарат, сондай-ақ кез келген басқа да мүлікті, табиғи ресурстары бар жер қойнауын пайдалану құқығын және басқа да мүліктік құқықтарды сатып алу;

- Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлерде занды тұлғалар, филиалдар, өкілдіктерді және басқа да жеке-дара бөлімшелер құру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығы негізінде өзіне тиісті мүлік және мүліктік құқықтарды сату, айырбастау, жалдауға беру, уақытша пайдалануға беру (ақылы, ақысыз) және қарыз ретінде беру немесе басқа да тәсілмен иелену;

- авторлық және сабактас құқықтарды сатып алу;

- Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде басқа занды тұлғалардың бағалы қағаздарына, мемлекеттік және жергілікті қарыздардың пайыз облигацияларына, занды тұлғалардың жарғылық капиталдарына ұзак мерзімді инвестициялар салу, соның негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қаастырылған тәртіpte ұзак мерзімді кіріс алу мақсатында басқа да салымдар салу;

- мемлекеттік (ұлттық) бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу және Қазақстан Республикасының заңнамасында қаастырылған тәртіpte мемлекеттік, келісім-шарт негізіндегі қажеттіліктер бойынша жұмыстар және тапсырыстар орындау;

- Қазақстан Республикасының, сонымен қатар, оның аумағынан тыс жерлердегі банктерде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte банк шоттарын ашу;

- басқа да мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алу.

2.9. Қоғам коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтердің құрамын, көлемін және оларды қорғау тәртібін дербес турде анықтайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияның (технологиялық, патенттік, лицензиялық ақпарат және т.б.) жария болмауын қамтамасыз етеді.

2.10. Қоғам мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап занды тұлға ретінде акционерлік қоғам құқықтарын иеленеді.

3 бап. Қоғам қызметінің мақсаты және нысаны.

3.1. Қоғам келесі негізгі мақсаттарды қарастыратын коммерциялық ұйым болып табылады:

- жарғылық қызметті жүзеге асыру жолымен кіріс алу;
- уранды барлау, өндіру, өнімдерін қайта өндеу және салу саласында өзара тиімді сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;
- аталған Жарғыда қарастырылған қызмет түрлерін жүзеге асырудан табыс алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және талған Жарғыға қайшы келмейтін басқа да мақсаттар.

3.2. Қоғам келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- құрамында уран және ілеспе пайдалы қазбалары бар кенді өндіру және өндеу бойынша қуаттарды жобалау және құрылышын іске асыру, аталған қуаттарды пайдалану;
- уран өндіру, өндеу, өндірістің радиоактивті материалдарын сактау және тасымалдау қызметтерін көрсету (жұмыстарын орындау);
- Қоғам өндіретін өнімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде өткізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және Қоғам қызметінің нысанына жататын кез келген сыртқы экономикалық және басқа да қызметтер түрлері.

3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлерін сәйкес лицензияны алғаннан кейін ғана жүзеге асыра алады.

3.4. Қоғамның құрылған мақсаттары мен міндеттеріне, қызмет түрлеріне қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметтерді жүзеге асыруға құқығы бар.

4 бап. Мұлкі және жарғылық капиталы.

4.1. Қоғамның мұлкі келесілер есебінен қалыптасады:

- 1) Қоғам акцияларының төлемі ретінде акционерлердің берген мұліктепі;
- 2) қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша иеленген басқа да мұліктер.

4.2. Қоғамның жарғылық капиталы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін және акцияларды олардың номиналды құны бойынша акционерлер арасында бөлінетін акционерлердің акциялар ақысын төлеуі нәтижесінде қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен өрнектеледі,

4.3. Қоғамның жарғылық капиталының мөлшерін арттыру қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5 бап. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары.

5.1. Қоғамның жарғылық капиталы құжатсыз нысанда шығарылатын жай акциялардан (бұдан әрі - «акциялар») құралады. Акциялар бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығы негізінде бірнеше тұлғаға тиісті болса, олардың барлығы бір

Сандық

акционер ретінде қаралады және акция беретін құқықтарды өзінің жалпы өкілі арқылы пайдаланады.

5.2. Дауысқа салынатын барлық мәселелердің шешімін табу барысында акция акционерге дауыс беру құқығымен қатар акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.3. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқығы бар.

5.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қосымша қаражат табу мақсатында облигациялар шығаруға құқылы болады.

5.5. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымға шығару, оларға сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығару проспектісінде анықталады.

5.6. Қоғамның акцияларын иеленушілер тізімі жүйесін орталық депозитарий ғана жүргізе алады. Қоғамның акцияларын иеленушілердің тізімі жүйесін жүргізу, сонымен қатар, уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес анықталады.

5.7. Қоғамның бағалы қағаздары бойынша сыйақыны қоғамның өзі төлейді.

5.8. Акционер акция немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін ұсынылған күнтізбелік отыз күн ішінде акцияны немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағазды иесіздендірген жағдайда, бұрынғы меншік иесі осындай өтініш бермеген жағдайда, осы құқық акцияның немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаз артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес жаңа меншік иесіне беріледі.

5.9. Қоғамның жазылу арқылы орналастыратын акциялары, акцияларды сатып алудың артықшылықты құқығына сәйкес сатып алатын акционерлерден басқа, аталған орналастыру шеңберінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей бағамен сатылатын болады.

5.10. Акционерлер артықшылықты акция сатып алу құқығына сәйкес орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органды белгілеген бірыңғай орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

5.11. Қоғамның акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған органды орындаған белгілеген акцияларды орналастырудың бағасы аталған акциялар сатылуы ықтимал ең төмен бағасы болып табылады.

6 бап. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар дивидендтері.

6.1. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған) қоғамның иелігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, дивидендтер төлеуге бөлінеді. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша қалған бөлігі Қоғамды дамыту немесе басқа да мақсаттарға бағытталады.

6.2. Акциялар бойынша дивидендтер жыл қорытындысы бойынша Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес төленеді. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер көрсетіледі:

- 1) қоғамның атауы, орналасқан орны, банктік және басқа да деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;

- 3) дивидендтің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері;
- 4) - дивиденд төлеуді бастау күні;
- 5) дивидендерді төлеу тәртібі және нысаны.

6.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның акциялары бойынша дивидендер төлемеуге шешім қабылдауға құқылы. Аталған шешім қабылданған жағдайда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғам акционерлерінің жылдық/кезектен тыс жалпы жиналысының жеке шешімі негізінде бұрын төленбegen дивидендерді төлеуге қатысты шешім қабылдауға құқылы болады. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының бұрын төленбegen дивидендерді төлеу туралы шешімінде Жарғының 6.2-тармағына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына арналған мәліметтер қамтылуы керек.

6.4. Дивидендер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендер төлеу басталатын күннен бір күн бұрын дайындалады.

6.5. Орналастырылмаған немесе Қоғам өзі сатып алған акциялар бойынша, сонымен қатар, егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, дивидендер есептелмейді және төленбейді.

6.6. Келесі жағдайларда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер есептелмейді:

1) меншік капиталдың мөлшері теріс мәнді болса немесе егер қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендер есептеудің нәтижесінде теріс мәнді болатын болса;

2) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес, Қоғам төлем қабілетсіздігі немесе жағдайсыздық белгілеріне сай келсе немесе аталған белгілер Қоғамнан акциялары бойынша дивидендер есептеудің нәтижесінде орын алатын болса.

6.7. Акцияларды иесіздендіру туралы келісім-шартта басқа жағдай қарастырылмайтын болса, төленбegen дивидендері бар акцияларды иесіздендіру акцияның жаңа меншік иесінің алу құқығымен жүзеге асырылады;

6.8. Дивидендерді төлеу акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап тоқсан күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде жүзеге асырылады.

7 бап. Акционерлердің құқықтары және міндеттері.

7.1. Қоғамның акционерлері заңды және жеке тұлғалар бола алады.

7.2. Акционердің құқықтары:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте қоғамды басқаруға катысу,

- дивидендер алу;

- қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе аталған Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;

- орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға үміткер ұсыну;

- Қоғамның директорлар Кеңесіне Қоғамның Бас директорлығына үміткер ұсыну;

- қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге қарсы сот тәртібімен наразылық білдіру;

- қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныс беру және Қоғамға сұраныс берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде негізделген жауап алу;
- қоғам таратылған жағдайда мұліктің бір бөлігін алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықты құқықпен сатып алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап ету немесе оны шақыру талапарызымен сотқа жүргіну;
- Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша мәселелерді енгізуі ұсыну;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлық ұйымның өз есебінен қоғам аудитін жүргізуін талап ету;
- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға қатысу;
- қоғам акционерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, аталған Жарғыда және Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде қарастырылған қосымша құқықтары болуы ықтимал.

7.3. Акционер міндетті:

- акцияларды төлеу;
- орталық депозитарийге және (немесе) аталған акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он жұмыс күні ішінде хабарлау;
- қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа де қупияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Бұл жағдайда қоғам, Орталық депозитарий және (немесе) акцияларды номиналды ұстаушы акционердің аталған Жарғының 7.3-тармақ 2 азат жолында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапкершілікте болмайды.

8 бап. Қоғам органдары.

8.1. Қоғамның органдары:

- жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналышы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- жеке-дара атқарушы орган-Бас директор;

8.2. Қоғам органдарының құрамы, олардың құзыреті және жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, аталған Жарғыда анықталады, сонымен қатар, акционерлердің жалпы жиналышы немесе Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен қоғамның ішкі құжаттарында да қарастырылуы мүмкін.

9 бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы.

9.1. Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымын бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, оның өзгертулері және толықтыруларын бекіту;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары және тәртібін анықтау және оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау;
- 8) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақты төлеу және шығындарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 9) дивидендтерді төлеу мерзімдері туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге ассыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және артық пайызын құрайтын мөлшердегі активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның нәтижесінде қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және артық пайызы сатып алынатын немесе иесіздендірілетін (сатып алынуы немесе иесіздендірілуі мүмкін) келісім-шарт туралы шешім қабылдау күніне құны қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан артық пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иесіздендіретін (сатып алуі немесе иесіздендіруі мүмкін) ірі келісімді жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғам акционерлерінің акционерлердің Жалпы жиналышын шақыру туралы Қоғамның мәлімдеу нысанын белгілеу;
- 18) қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту, сондай-ақ аталған әдістемеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 19) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;

- 20) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;
- 21) «алтын акцияны» шығару және жою;
- 22) қоғамның ішкі қызметтің реттейтін құжаттарды бекіту, оның ішінде:
- Қоғамның дивидендтік саясаты және дивидендтерді есептеу нормативтері;
 - Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережелер;
 - Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы туралы ережелер.
- 23) қоғамның лауазымды тұлғасына Қоғамның оның кінәсінен көрген шығындарын өтегу туралы талап қойып, қоғамның сотқа жүгінуі туралы шешім қабылдау;
- 24) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қарau;
- 25) жасасуға Қоғам мүдделі болатын ірі келісім-шартты жасасу туралы шешім қабылдау;
- 26) жер қойнауын пайдалану құқығын алу (сатып алу) және беру (қайта беру), жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттарын мерзімінен бұрын тоқтату (жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісімшарттар, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісімдер жасасу және Қазақстан Республикасының құзыретті органдарымен келісуге жататын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттарға қосымшалар болып табылатын құжаттардың жобаларын бекіту);
- 27) есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 28) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

9.2. Аталған жарғының 9.1-тармағы 2), 3), 4) және 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері негізінде Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен, ал 9.1-тармақтың 16) және 26) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша қабылданады. акционерлердің жалпы жиналышының шешімі бірауыздан қабылданады. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа жағдай қарастырылмаған болса, акционерлердің жалпы жиналышының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

9.3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде басқа жағдай қарастырылмаса, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге рұқсат етілмейді.

9.4. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.5. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, аталған Жарғыға және қоғамның өзге де құжаттарына сәйкес анықталады.

9.6. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналышын жыл сайын өткізуге міндетті. Акционерлердің жылдық жиналыштардан басқа жалпы жиналыштары кезектен тыс болып есептеледі. Акционерлердің жалпы жылдық жиналышын Қоғамның директорлар Кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің;
- 2) қоғамның ірі акционері.

Ерікті түрде тарату процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі ықтимал. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар қарастырылуы ықтимал.

9.7. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі керек. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

9.8. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштері және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылды болады.

9.9. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізуі келесілер жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган;
- 2) Қоғаммен жасалған келісім-шартқа сәйкес орталық депозитарий;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізумен байланысты шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталғаннан басқа жағдайда Қоғам төлейді.

9.10. Қоғам органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындаған жағдайда, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

9.11. Қоғамның акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік қырық бес күн бұрын оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін туралы хабар беріледі. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз тасымалдағышта немесе электрондық түрде жіберіледі.

9.12. Жалпы жиналыстың шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырган акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге немесе Қоғам

акционерлерінің жалпы жиналышының отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналышының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

9.13. Жиналышқа қатысуышыларды тіркеу аяқталған уақытта (барлық бюллетендер берілген күні немесе сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналышын өткізу кезінде бюллетендерді беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтық түрде қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан артық пайызын иеленетін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналышы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы болады.

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жіберілген жағдайда, аталған бюллетендермен ұсынылған және жалпы жиналышқа қатысуышыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

9.14. Акционерлердің жалпы жиналышына дайындық барысында материалдарды акционерлерге беру тізімі, тәртібі және мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

9.15. Акционерлердің жалпы жиналышының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына оларды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында жариялау арқылы және акционерлердің жалпы жиналышы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасын қоғамның әрбір акционеріне жіберу арқылы жеткізіледі.

9.16. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналышқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органды сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуі керек. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналышының хаттамасының көшірмесі беріледі.

10 бап. Қоғамның Директорлар кеңесі.

10.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және аталған Жарғыға сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жалпы басшылықты және бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Директорлар кеңесі қоғам акционерлерінің жалпы жиналышына бағынышты болады.

10.2. Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыштарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғандардан басқа жағдайда, қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышына қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныс жасау;

6) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар, оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Бас директордың лауазымдық айлық ақысы мөлшерін, бас директор мен оның орынбасарларына сыйакы беру және оларды әлеуметтік қолдау талаптарын анықтау, сондай-ақ олардың қызметін бағалау, еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда көрсетілген лауазымды адамдарға төленетін өтемақылардың мөлшерін анықтау;

8) қоғамның атқарушы органды (Бас директоры) туралы ережені бекіту;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақысының мөлшерін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне сыйакы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдау, Ишкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметін бағалау, қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту, Ишкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оның өкілеттік мерзімін айқындау, корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, лауазымдық айлықақы мөлшерін, сыйакы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, корпоративтік хатшыға тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдау, корпоративтік хатшының қызметі туралы есептерді қарастыру және олар бойынша шешімдер қабылдау, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мұліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

14) қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы және иеліктен шығаруы туралы шешім қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамага ұлғайту;

17) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

Сондай

18) ірі келісімдерді және 9.1-тармақтың 16) және 25) тармақшаларына сәйкес жасалуы туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы қабылдайтын ірі келісімдерді қоспағанда, Қоғамның жасалуына мұдделілік бар келісімдерді жасасу туралы шешім қабылдау. Жарғының;

19) ұйымдастыру құрылымын, қызметкерлердің штат санын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар схемасын және қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы берудің, әлеуметтік қолдаудың шарттары мен тәртібін реттейтін құжаттарды бекіту;

20) қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олардың мүшелерін сайлау, комитеттер туралы Ережелерді бекіту;

22) Қоғамның Бас директорын сайлау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

23) қоғамның стратегиялық (онжылдық) кезенге арналған қызметін сипаттайтын стратегиялық құжатты (даму бағдарламасын) бекіту және қоғамның даму бағдарламасының есепті жылды іске асырылуы туралы есепті мақұлдау;

24) қысқа мерзімді бюджеттерді (жылдық) және орта мерзімді Бизнес-жоспарды бекіту, сондай-ақ қысқа мерзімді бюджетті (жылдық) және орта мерзімді Бизнес-жоспарды түзетулерді, орта мерзімді Бизнес-жоспарды әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және мониторингтеу қағидаларын бекіту;

25) қоғамның ішкі аудит қызметінің есептерін қарастыру және олар бойынша шешімдер қабылдау;

26) Бас директорға тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алғып тастау туралы шешімдер қабылдау;

27) Бас директордың орынбасарларын, қауіпсіздікке, өндірістік қауіпсіздікке, өткізуге, инвестициялық, қаржы-экономикалық және құқықтық мәселелерге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауды немесе көрсетілген функцияларды жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаларды, сондай-ақ бас бухгалтерді, бас геологты, кеңіш бастығы мен кеңіштің бас инженерін тағайындау және атқаратын лауазымдарынан босатуды келісу, сондай-ақ Ураниум Ұан Амстердам Би. Ви. компаниясы ұсынған кандидаттар қатарынан Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарын;

28) қоғамның кредиттер (қарыздар) беру мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту);

29) банктерге лимиттер белгілеу жөніндегі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту және уақытша бос ақша орналастырылуы мүмкін банктердің тізбесін айқындау, сондай-ақ банктерге арналған лимиттерді және уақытша бос ақша орналастырылуы мүмкін банктердің тізбесін бекіту;

30) қоғамның бекітілген ішкі нормативтік құжатына сәйкес Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға байланысты қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру, қоғамда жоғары білікті мамандарды бекіту мақсатында қоғамның қоғам қызметкерлеріне қарыздар беруі туралы шешімдер қабылдау;

31) қоғамның есеп саясатын және салықтық есеп саясатын бекіту, осы саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

32) ішкі нормативтік құжаттармен қоғамның басқа басқару органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар мен рәсімдерді (оның ішінде: тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен қағидаларды, хеджирлеу саясатын, тәуекелдердің тіркелімі мен картасын, қоғамның тәуекел-тәбетін) бекіту, Қоғамның атқарушы органдарының тәуекелдерді

(Сом)

басқару жөніндегі есептерін бекіту, қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;

33) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, Қоғам қызметкерлерін іссапарға жіберу қағидаларын, сондай-ақ өкілдік мақсаттарға бөлінетін қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту;

34) қоғамның мұлкін сату тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

35) қорларды пайдалану жөнінде шешімдер қабылдау;

36) есепті кезеңге Бас директордың, бас директордың орынбасарларының, корпоративтік хатшының, тәуекелдер және комплаенс бойынша офицердің, омбудсменнің және ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесі мен нысаналы мәндерін бекіту және есепті кезең қорытындылары бойынша ҚНК орындалуын бағалау (есепті кезең үшін ҚНК нақты мәндерін бекітумен));

37) корпоративтік жанжалдар мен мұдделер қақтығысын реттеу рәсімдерін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

38) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептерді қарau;

39) қоғамның ашықтығы және ақпаратты ашу процестерінің тиімділігі мәселелерін қарau;

40) қоғамның (немесе өзара байланысты келісімдер тобының) мәміле сомасы не осы мәміле бойынша берілетін мұліктің нарықтық құны не төленуге жататын баға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша 250 000 (екі жұз елу мың) АҚШ долларынан асатын, бірақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен (АҚШ долларымен, евротенге немесе өзге де шетел валютасымен) баламалы соманы құрайтын, бірақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша 250 000 (екі жұз елу мың):

(а) сомасы теңгемен (АҚШ долларымен, евротенге немесе өзге де шетел валютасымен) 250 000 (екі жұз елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға баламалы тартылатын, өзіне қабылданатын немесе қоғам беретін қарыздар, кредиттер, Депозиттер және өзге де қаржылық міндеттемелер,

(б) 250 000 (екі жұз елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға баламалы теңгедегі (АҚШ долларындағы, евродадағы немесе өзге де шетел валютасындағы) сомаға қоғамның вексельдерін беру, шыгару немесе сатып алу,

(с) 250 000 (екі жұз елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға баламалы теңгемен (АҚШ долларымен, евротенге немесе өзге де шетел валютасымен) сомаға үшінші тұлғалардың борыштары үшін кепілгерліктер, авальдар немесе кепілдіктер беру,

(d) ауыртпалықты мұліктің нарықтық құны жиынтығында 250 000 (екі жұз елу мың) АҚШ долларына тең сомаға баламалы теңгедегі (АҚШ долларындағы, евродадағы немесе өзге де шетел валютасындағы) сомадан асатын қоғам беретін кепілдер мен өзге де ауыртпалықтарды қоспағанда, жария етуге жатпайды.

Бұл ретте, осы мақсаттар үшін бірнеше өзара байланысты келісімдер (оның ішінде қатарынан үш ай ішінде жасалатын бір типті келісімдер сериясы) бір мәміле болып есептеледі және олардың сомалары қосылады, сондай-ақ берілетін мұліктің немесе мұліктік кешенниң нарықтық құнын айқындау кезінде осы мұліктен түсетін болжамды болашақ кіріс те ескеріледі;

41) Қоғамның директорлар Кенесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Бас директорының және өзге де қызметкерлерінің сабактастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

Conf

42) Қоғамның Бас директорына басқа ұйымдарда жұмыс істеуге келісім беру туралы шешім қабылдау;

43) корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті және орнықты даму саласындағы есепті бекіту;

44) қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үlestерінің) он және одан да көп пайзын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

